Бірлестік отырысында қаралды:
Бірлестік жетекшісі:
Н.Т.Елтаев
Хаттама №1
«27» тамыз 2027 ж.

Келісемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
ДОІЖО:
Л.С.Исабаева
«27» тамыз 2026 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:
Ы.А.Жаутиков
«27» тамыз 2026 ж.

К Ү Н Т І З Б Е Л І К Т А Қ Ы Р Ы П Т Ы Қ Ж О С П А Р

Пәні: Дүние жүзі тарихы

Сыныбы: 8 «А, В, С»

Мұғалімі: Әлайдар Нұрлыбек Ерғалиұлы

Сағат саны: 8

«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы

2026-2027 оқу жылы

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-9-сыныптарына арналған «Заң мен тәртіп» курсыныңүлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-9-сыныптарына арналған «Заң мен тәртіп» курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (ҚР ОАМ 2025 жылғы 12 қаңтардағы №12 өзгертулермен) сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген).

2. «Заң мен тәртіп» курсының үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын іске асыру аясында әзірленіп, білім алушылардың құқықтық санасын қалыптастыруға, девиантты мінез-құлықтың алдын алуға және Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында қолайлы білім беру ортасын құруға бағытталған.

3. «Заң мен тәртіп» курсының мақсаты: білім алушыларда тұрақты құқықтық мәдениетті қалыптастыру, жауапты мінез-құлықты дамыту және күнделікті өмірде заңды сақтау мен өз құқықтарын қорғаудың практикалық дағдыларын меңгерту.

4. «Заң мен тәртіп» курсының міндеттері:

1)білім алушыларда заңмен белгіленген негізгі құқықтар мен міндеттерді, сондай-ақ мінез-құлық ережелерін түсінуді қалыптастыру;

2)мектепте, қоғамда және цифрлық ортада қауіпсіз әрі дұрыс мінез-құлық дағдыларын дамыту;

3) қауіпті жағдайларды танып-білуге және күнделікті өмірде заңды әрі негізделген шешімдер қабылдай білуге үйрету;

4) заң мен тәртіп бойынша негізгі ұғымдар мен мазмұнды зерделеуде цифрлық ресурстарды, оның ішінде жасанды интеллект құралдарын саналы, этикалық және сыни тұрғыдан қолдану дағдыларын қалыптастыру;

5) ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау;

6) Курс мазмұны «Адал азамат» құндылықтарын («тәуелсіздік және отаншылдық», «бірлік және ынтымақ», «әділдік және жауапкершілік», «заң мен тәртіп», «еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «жасампаздық және жаңашылдық») қалыптастыруға және мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздікті қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, жалпыұлттық бірлікті нығайту, қоғамдық диалогты дамыту,

еңбексүйгіштік пен прогреске ұмтылуды дәріптеу, білім мен ғылымды дамыту, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, тарихи-мәдени мұраны сақтау және ұлттық мәдениетті қолдау қағидаттарын іске асыруға бағытталған

5.Курс бағдарламасы құқықбұзушылықтардың алдын алуға, девиантты мінез-құлыққа бейім білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуге, сондай-ақ қауіпсіз әрі қолдаушы білім беру ортасында олардың әлеуетін ашуға бағытталған, өйткені ол жасөспірімдік кезеңнің ерекшеліктерін ескереді. Бұл кезеңде қатарластарының ықпалы күшейіп, тәуекелді әрекеттерге бейімділік артады, соның салдарынан қателіктер мен құқықбұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғарылайды. Осыған байланысты білім алушыларды құқықтық нормалармен жүйелі түрде таныстыру маңызды, себебі бұл күрделі жағдайлардың алдын алуға, жауапты мінез-құлықты қалыптастыруға, қауіпсіз таңдау жасау дағдыларын дамытуға және әртүрлі өмірлік жағдайларда заң аясында әрекет ету қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

6.Курс бағдарламасы практикалық бағытқа негізделген және құқықтық нормаларды меңгеруге, оларды қолдану дағдыларын қалыптастыруға, құқықбұзушылықтардың алдын алуға, білім алушылардың күнделікті өмірде жауапты әрі қауіпсіз мінез-құлқын дамытуға бағытталған белсенді оқыту формалары мен әдістерін қолдануды көздейді.

7.Курс тақырыптары спиральді қағидат негізінде әзірленген, бұл білім мазмұнын оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, біртіндеп тереңдетуге және кеңейтуге мүмкіндік береді. Осы тәсіл білімді жүйелі түрде өзектендіріп, бекітуге жағдай жасап, заңға сәйкес мінез-құлықтың тұрақты практикалық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді және курсты әртүрлі білім беру деңгейлерінде меңгерудің сабақтастығын қамтамасыз етеді.

8. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында білім алушылардың кері байланысын жинау, олардың практикалық сабақтарға қатысуын талдау және мінез-құлықтық ұстанымдарындағы өзгерістер динамикасын бақылауды қамтитын тұрақты мониторинг жүзеге асырылады.

9. Бағдарламаны жүзеге асыру білім алушылардың жеке тұлғасына құрметпен қарау, құпиялылық қағидаттарын сақтау, этикалық нормаларды ұстану және сенімді әрі психологиялық тұрғыдан қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады

2-тарау. «Заң мен тәртіп» курсының мазмұнын ұйымдастыру

1-параграф. «Заң мен тәртіп» курсының мазмұны

10. «Заң мен тәртіп» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

8-сыныпта аптасына 0,25 сағатты, оқу жылында 9 сағатты;

9-сыныпта аптасына 0,5 сағатты, оқу жылында 17 сағатты құрайды.

Курс бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының

Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 тіркелген) бекітілген Үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

11. «Заң мен тәртіп» курсының базалық мазмұны келесі тақырыптық мазмұнды қамтиды:

№	Бөлім	8-сынып	9-сынып
		Тақырыптық мазмұн	
1	Заң және күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлық	Заңды білу және сақтау қауіпсіз мінез-құлықты қамтамасыз етуге көмектеседі	Кіріспе. Қазақстан Республикасы азаматының құқықтық мәртебесі. Конституция – Ата заң.
			Алғашқы жұмыс: заңды түрде қалай орналасуға болады? Еңбек шарты
		Мектепте, көшеде және интернетте заңдар мен тәртіп ережелерін сақтау	Желідегі оңай табыс: дропперлік және алаяқтық
			Практикум: Жасөспірімдерге арналған онлайн жұмыс ұсыныстары: мүмкіндіктер, тәуекелдер және құқықтық қауіпсіздік
2	Қарым-қатынастағы қауіпті жағдайлар және олардың алдын алу тәсілдері	Есірткі, психотроптық заттарды қолданудың, сақтаудың және таратудың қауіптілігі	Буллинг үшін жауаптылық
		Буллинг және кибербуллинг, онлайн чаттарда жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін ақпаратты таратқаны үшін жауапкершілік	Цифрлық ортадағы авторлық құқықтың бұзылуы. Әлеуметтік желілердегі плагиат
			Цифрлық гигиена Дербес деректер. Фишинг және вишинг
3	Жасөспірім және күнделікті өмірдегі құқықбұзушылықтар	Полиция қызметкерлерімен қарым-қатынас жасау тәртібі: ұстау және құжаттарды тексеру кезіндегі құқықтар	Әкімшілік жауапкершілік: айыппұлдар, жасөспірімдер үшін түнгі уақыт шектеулері
			Қылмыстық жауапкершілік. Баптарға шолу (ұрлық, алаяқтық, есірткі)
			Сыбайлас жемқорлық: сыйлық па, пара ма?
		Вандализм және жасөспірімдер үшін түнгі уақыт шектеулері	Экстремизм және жалған жаңалықтар. Репосттар үшін жауапкершілік

		Жеке деректерді қорғау. Фишинг және вишинг	Практикум: «Қолайлы мінез-құлық және құқық бұзушылық: қалай ажыратуға болады?»
4	Тәртіп және жауапкершілік	Деструктивті діни ағымдар мен экстремистік ұйымдарға тартудың алдын алу.	Қалпына келтіретін әділеттілік. Медиация. Мектептегі татуластыру қызметі
			Рөлдік ойын: «Мектеп медиация кеңесі» (сыныптастар арасындағы жанжалды шешу)
		Жоба қорғау: «Менің құқығым. Менің қауіпсіздігім», «Алаяқтардан сақ болыңыз!» жадынама/буклет презентациясы	Жасөспірімдердің заңды ықпал ету тетіктері: мектептегі өзін-өзі басқару, әкімдікке өтініш беру тәртібі (өтініш дайындау алгоритмі), әлеуметтік бастамалар
			Қорытынды конференция: «Менің мектебім – құқықтық тәртіп аумағы» әлеуметтік жобасын қорғау

12. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын мұғалім бөледі.

2-параграф. Ұзақ мерзімді жоспар

8-9 сыныптарға арналған «Заң мен тәртіп» курсының үлгілік оқу бағдарламасын іске асырудың ұзақ мерзімді жоспары

13. Ұзақ мерзімді жоспар курс бойынша оқытудың мазмұны мен құрылымын айқындайды

8-сынып

№	Бөлім / тақырыптар (кейстер, практикумдар)	Оқу мақсаттары (күтілетін нәтиже)	Сағат саны	Күні		
				8 А	8 В	8 С
	1 тоқсан. 1-бөлім. Заң және күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлық					
1	Заңды білу және сақтау қауіпсіз мінез-құлықты қамтамасыз етуге көмектеседі	Күнделікті өмірде қауіпсіз мінез-құлықты қамтамасыз ету үшін заңдарды сақтаудың маңыздылығын түсіндіру		02.09	14.09	07.09
2	Мектепте, көшеде	Жағдаятқа қатысушылардың		16.09	28.09	21.09

	және интернетте заңдар мен тәртіп ережелерін сақтау	заңды және заңсыз әрекеттерін анықтау				
	2-бөлім. Қарым-қатынастағы қауіпті жағдайлар және олардың алдын алу тәсілдері					
3	Есірткі, психотроптық заттарды қолданудың, сақтаудың және таратудың қауіптілігі	Психотроптық заттарды пайдалану, сақтау және таратудың құқықтық және әлеуметтік салдарын талдау		30.09	12.10	05.10
4	Буллинг және кибербуллинг, онлайн чаттарда жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін ақпаратты таратқаны үшін құқықтық жауапкершілік	Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу және онымен күресу үшін цифрлық ортада қауіпсіз және жауапты мінез-құлық нормаларын қолдану		14.10	02.11	19.10
	3-бөлім. Жасөспірім және күнделікті өмірдегі құқықбұзушылықтар					
5	Полиция қызметкерлерімен қарым-қатынас жасау тәртібі: ұстау және құжаттарды тексеру кезіндегі құқықтар	«Тегі, аты, әкесінің атын атау, ата-анасына хабарлау және адвокаттың көмегін алу құқығы алгоритмін қолдану. Полициямен өзара әрекеттесу кезінде заңды және қауіпсіз мінез-құлықты таңдау үшін адам құқықтары туралы білімін қолдану		04.11	16.11	09.11
6	Вандализм және жасөспірімдер үшін түнгі уақыт шектеулері	«Мектеп қабырғасындағы граффити» және «Сағат 23:00-ден кейін көшедегі жасөспірім» кейстерін талдау. «Вандализм» және «түнгі уақытта жүру–тәртіп бұзу» ұғымдарының айырмашылығын ажырата білу.		18.11	30.11	23.11
7	Жеке деректерді қорғау. Фишинг және вишинг	Мессенджерлердегі күмәнді сілтемелер мен хабарламаларды талдау. Дербес деректерді қорғау ережелерін қолдану.		02.12	14.12	07.12
	4-бөлім. Тәртіп және жауапкершілік					
8	Деструктивті діни ағымдар мен	Әлеуметтік желідегі манипуляция әдістерін талдау				21.12

	экстремистік ұйымдарға тартудың алдын алу					
9	Жоба қорғау: «Менің құқығым. Менің қауіпсіздігім», «Алаяқтардан сақ болыңыз!» жадынама/буклет презентация	Құқықтық өнімді (қауіпті жағдайдағы әрекеттер алгоритмін) құрастыру және ұсыну				

3-параграф. Күтілетін нәтижелер

14. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Заң мен тәртіп» курсының оқу бағдарламасы білім алушыларда базалық құқықтық білімдерді, қауіпсіз әрі заңға сай мінез-құлықтың практикалық дағдыларын, сондай-ақ күнделікті өмірде жауапты мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған күтілетін оқу нәтижелерін айқындайды.

Білім алушылар:

- Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген азаматтың негізгі құқықтары мен міндеттерін;
- кәмелетке толмағандарға қатысты әкімшілік, қылмыстық, еңбек және отбасы заңнамасының негізгі нормаларының мазмұнын;
- құқық бұзушылық, қылмыс, жауапкершілік (әкімшілік, қылмыстық, тәртіптік) ұғымдарын;
- есірткі және психотроптық заттарды қолданудың, сақтаудың және таратудың құқықтық салдарын;
- интернет пен цифрлық құрылғыларды қауіпсіз, тиімді және сауатты пайдалануға бағытталған әдеттер мен ережелерді;
- цифрлық ортада дербес деректерді қорғау ережелерін және фишинг пен вишингке қарсы әрекет ету тәсілдерін;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің белгілерін, сыйлық пен параның айырмашылығын;
- авторлық құқық негіздерін, академиялық адалдық қағидаларын, плагиатқа жол бермеу талаптарын *біледі.*

Білім алушылар:

– полиция қызметкерлерімен қарым-қатынас жасау кезінде әрекет ету алгоритмін қолдануды (өзін таныстыру, ата-анасына қоңырау шалу құқығы, адвокатқа жүгіну құқығы);

– өмірлік жағдайларды талдауды және заңды әрекет пен құқық бұзушылық арасындағы шекараны анықтауды;

– интернеттегі алаяқтық схемаларды (оның ішінде дропперлік әрекеттерді, заңсыз табыс табу ұсыныстарын) тануды;

– цифрлық платформаларды қауіпсіз пайдалануды, сілтемелер мен хабарламаларды тексеруді, өздерінің дербес деректерін қорғауды;

– плагиат пен дәйексөз келтірудің айырмашылығын ажыратуды, өзге тұлғалардың контентін пайдаланудың заңдылығын бағалауды;

– үлгі негізінде еңбек шартының жекелеген бөлімдерін толтыруды;

– мемлекеттік органдарға ресми өтініштің (оның ішінде электрондық өтініштің) үлгісін құрастыруды;

– мектептегі және жергілікті ортаға заңды түрде ықпал ету үшін мектептегі өзін-өзі басқару тетіктері мен әлеуметтік бастамаларды пайдалануды *үйренеді.*

Білім алушылар

– заңға, құқықтық тәртіпке және басқа адамдардың құқықтарына құрметпен қарауды;

– өз әрекеттері үшін, оның ішінде буллинг, кибербуллинг және жалған ақпарат тарату жағдайларындағы жеке жауапкершілігін түсінуді;

– жанжалдарды медиация және мектептегі татуластыру қызметтері арқылы сындарлы түрде шешу дағдысын;

– сыбайлас жемқорлыққа, экстремизмге және деструктивті топтардың ықпалына қарсы тұра білуін;

– репост жасау мен жалған ақпарат таратудың салдарына саналы түрде қарауды;

– күнделікті өмірде, оның ішінде тәуекелді жағдайларда заңды әрі қауіпсіз таңдау жасай алу қабілетін *көрсетеді*

Білім алушылар:

– құқықтық өнімдерді әзірлеп, таныстырады;

– құқық қолдану және қалпына келтіруші әділет жағдайларын модельдеуге қатысады;

– құқықтық мәселелерді дәлелді талқылап, заңды шешімдерді ұсынады және қорғайды;

– әлеуметтік жобаларды таныстырады.

15. Курс аяқталғаннан кейін білім алушылар негізгі құқықтар мен міндеттерді, мінез-құлық нормалары мен заңнама талаптарын білуі, сондай-ақ өмірлік жағдаяттарды талдау барысында және құқыққа сай шешімдер қабылдауда алған білімдерін қолдана алуы тиіс.

4-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

16.Оқу нәтижелерін бағалау білім алушылардың іс-әрекетін бақылау, олардың практикалық тапсырмаларға, кейстерге, талқылауларға және басқа да белсенді жұмыс түрлеріне қатысуы негізінде жүзеге асырылады.

17.Бағдарламаны іске асыру білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, интерактивті оқыту әдістерін қолдану және тәлімгерлерді (соның ішінде құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлерін) тарту арқылы қамтамасыз етіледі

18.Бағдарлама қолданбалы дағдыларды қалыптастыруға бағытталған практикалық бағдарланған сабақ түрлерін, соның ішінде кейс-әдіс, рөлдік ойындар, жағдаяттарды модельдеу, тренингтер мен пікірталастарды қолдануды көздейді.

19.Бағдарламаны іске асыру этикалық нормаларды, құпиялылық қағидаттарын сақтау, білім алушылардың тұлғасына құрметпен қарау және сенімді, психологиялық тұрғыдан қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.

20.Бағдарламаны іске асыру барысында оның тиімділігіне жүйелі мониторинг жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша білім беру үдерісінің сапасын арттыру мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мүмкіндік беріледі.